

ШАРАПАТ⁶⁺

Балаларға арналған рухани-танымдық журнал

2/2020



Досың боламын!

БАСҚАТЫРМА

Оң жақтағы тізімге қарама-қарсы мағынадағы сөздерді жазып шық (антонимдер). Әр сөздің бірінші әріптерін жинасаң, осы журналдың тақырыбын біліп аласың. Осы сөзге қарама-қарсы сөзді сен білесің бе?

Жарық	
Жеңіл	
Ң	Ң
Дұшпан	Дос
Ақымақ	
Ірі	
Жаңа	
Реңсіз	
Көңілсіз	
Ілтипатсыз	



Қанекей, Гүлназ, мен сөздерді айтып тұрамын, ал сен оларды жазып отырасың!

Жарайды, Арман. Сосын мен саған құралған сөздің қарама-қарсы мағынадағы сөзін айтамын.



КИЕЛІ КІТАП СӨЗЖҰМБАҚТАРЫ

Сенім МЕНДІКОВА


1.

Естіді Құдай бұйрығын,
Сенді күмәнсіз сөзіне.
Сенімі алға жетелеп,
Бастады бір іс өзі де.
Жұрт мазақтап қарады,
Түсінбей ойын дананың.
Бір ортада жүргенмен,
Тек сенім бөлді араны.
Мазаққа мән бермеді,
Іске жәйлап бұрылды.
Ортаға біраз уақыт сап,
Алып бір кеме құрылды.
Құйды жаңбыр толассыз.
Селмен тіршілік жойылды.
Аман қалды отбасы толық,
Сенім ері кім тап ойымды.

2.

Шыққан үкімнен қорықпай,
Терезе алдында тұрады.
Тізесін бүгіп үш мезгіл,
Халқы үшін мінәжат қылады.

Сен білесің бе,
киштер ұйқысыз жүз
күнге дейін, ал тамақсыз
- сегіз ай бойы өмір сүре
алады.



Суретін салған
Ирина ПОМЕРАНЦЕВА

3.

Айдалада тұрды ол адам,
Өзгеше асты қолданды.
Халқын тәубеге шақырып,
Дайындап түзу жолдарды.
Іздеп келген бар халықты,
Шомылдырды Иорданда.
Иемізге кім жол дайындады,
Тапшы ол кім еді, ойлан да.



Мен армандаған шатыр

Эльвира МИРАСОВА



2-парау

Сенбі күні таңертең Төлеуовтар отбасы Жандосты алып кету үшін үйіне келіп тоқтады. Қолында анасының кептірілген өрік қосып дайындалған бәліштері салынған дорбасы бар Жандос оларды күтіп тұр. Оның қолтығында жұлдызды аспанның картасы салынған түтікше де бар.

Бәліш салынған дорбаны көрген Маржанның анасы ыңғайсызданып:

– Бұған неге әуре болдыңдар? – деді.

Ал әкесі қуанып дорбаны алды да, әлі суып үлгермеген бір бәлішті аузына салды. Ол Жандосқа көзін қысып: «Кім үшін әуре болғанын білеміз, иә?» – деді.

Олар бір сағатта межелі жерге жетті. Саяжай биік

төбешікте орналасқан, ал төменде өзен ағып жатыр, бірақ қазір мұз болып қатқандықтан, ағысы көрінбейді. Ал өзеннің арғы жағынан қар басқан орман көрінеді. Онда өзеннен бөренелі көпір арқылы өтіп баруға болады.

Саяжайдағы ескі үй мен бақша, құдық пен сарай Жандостың көңілінен шықты. Бәрі қар жапқан әдемі күйде, тіпті, тиіскің де келмейді. Бірақ тиісуге тура келді, Маржанның әкесі мен Жандос үйге барар жолды қардан тазартып, Маржан мен анасы пешті жаққанша, аулада күрекпен жұмыс істеді.



Қызарған еркектер үйге кіргенде, үй едәуір жылып қалған болатын. Пеште отын тырсылы естіледі, пештің үстінде қайнаған тамақтың иісі бұрқырап тұр. Бөлменің қақ ортасында үстел мен орындықтар тұр. Арғы қабырғадағы баспалдақ шатырдың астына апарады. Жандос бірден сонда бару керектігі туралы ойлады. Ол Маржаннан телефоннан не туралы айтқанын біліп алмақ болды, бірақ ол:

– Кешке көресің, – деп тағы да жұмбақтап жауап берді.

Жандос Маржанның әкесінен:

– Қалай, қонағымызға шатырдың астын көрсететін уақыт келіп қалды ма? – деген сөзін ұзақ күтті.

Жандос баспалдаққа тұра жүгіріп, Маржанды қағып құлата жаздады. Мұнысы бекер емес. Сықырлаған баспалдақтар әлемдегі ең қызықты орынға апарады. Мұнда не жоқ десеңші. Мыс түтікті граммофон, көне кітаптар қойылған сөре, қапталған сандық, көне барометр мен телескоп! Мұндай байлықтан Жандостың басы айланып кеткендей болды:

– Мынау менің арманымдағы орын ғой! Мұның бәрі сенікі ме, Маржан?

– Жоқ, менікі! – деп мақтанышпен жауап берді Маржанның әкесі.

– Қара, Жандос, менде де жұлдызды аспанның картасы бар.

– Солай ма? Мұнда неге түрлі жануарлар бейнеленген? Жыландар... шаяндар...

– Бұл басылымнан шыққан алғашқы карта. Төменде латын тілінде: «Иоганн Стабий бағыттады – Конрад Хейнфогель жұлдыздарды орналастырды – Альбрехт Дюрер шеңберді суретпен толтырды», – деп жазылыпты. Ұлы неміс суретшісі Дюрер жұлдыздарды грек мифологиясына сәйкес бейнелеген.

– Жұлдыздар неліктен бұлай бейнеленген? – Жандос шаянды қарап жатып, қабағын түйді.

Әкесі күрсінді:

– Аспанды бақылаған көне астрономдардың басына мұндай бейнелер неліктен келгенін білмеймін... Мүмкін, аспанға қарағанда кез келген адам сияқты олардың жүректерінде



де қорқыныш пайда болған болар. Олардың менікі сияқты қарапайым телескоптары да болмаған. Бірақ адамдар жұлдызды аспанға қарап, онда күннен күнге, жылдан жылға сол баяғы жұлдыздардың тұрғандарын көрді. Олар кейбір жұлдыздардың арасындағы байланысты да байқаған. Сол жұлдыздар бір-бірінен ажырамайтын тәрізді болып көрінетін, яғни белгілі бір шоқжұлдыздарды құрайтын. Ал біздің ғасырымыздың екінші ғасырында антикалық ғалым Птолемей астрономиядан 13 томдық «Альмагест» еңбегін жазған. Ол көп ғасырлар бойы астрономдарға арналған оқулық болып келді. Мүмкін, Дюрер де жұлдыздарды бейнелегенде сол заманның адамдарына түсінікті «Альмагестті» қолданған болар.

– Иә, әдемі салынған, бірақ менің картамада мына бейнелердің болмағаны маған ұнайды. Телескоптан қарасам бола ма?

– Қарай ғой. Жолың болғыш екен, бүгін аспан ашық, Ай да толып қалыпты.

Жандос телескоптың көздігіне қарады:
– Мәссаған! Жұлдыздар неткен үлкен! Айды қара! Қара, Маржан, Айдың бетінде дөңгелек

дақтар бар екен...

– Ол Айдың кратерлері, – деп жауап берді Маржан білгіштің түрін көрсетіп.

– Ал ана жұлдыз қып-қызыл! Неткен әдемі! – Ол Марс болар.

– Әне, қара! Қарашы! Сатурн, оның сақиналары бар. Мен Сатурнның сақиналарын көріп тұрмын! Маржан! Қарашы! Қара! – Жандос тебіренгеннен телескоптан жалғыз адам ғана қарай алатынын да ұмытып қалды.

Маржан мен әкесі Жандостың таңданысына қарап, күліп қойды. Маржанның әкесі Жандостың жанына отырып, тағы не көруге болатынын айта бастады:

– Бұл әуесқойларға арналған телескоп, сондықтан оның мүмкіндіктері шектеулі. Бірақ Күн жүйесіндегі бізден алыста орналасқан кейбір космостық нысандарды көре аламыз. Міне, қара, мынау Андромеда тұманы, ал мынау Үркер.

– Қандай әдемі! – деп ақырын тыныстап жауап берді Жандос. – Мен мынандай сұлулық пен ұлылықтан біраз қорқып қалдым!

– Мен телескоптан қарағанда сүйікті Забур жырымды айтамын: «Уа, Құдай Ие, бүкіл әлемнің Билеушісі, Сенің істерің керемет те ұлы!» – деп жалғастырды Маржанның әкесі.

Маржан әкесін құшақтады:



– Ал мен Киелі кітаптың мына аятын есіме аламын: «Үркер мен Көгалдай мерген сияқты шоқжұлдыздарды кім жаратты? Қара түнекті таңғы арайға, күнді қараңғы түнге айналдыратын, әрі теңіздің суын жоғары көтеріп, оны жер бетіне жаудыратын кім? Оның есімі — Жаратқан Ие!» (Ам. 5:8).

– Құдай керемет әрі ұлы! Біздің өзіміз түсініп-біле алмайтын мәңгілікпен және шексіздікпен бетпе-бет келгендігімізден, жүрегімізде қорқыныш пайда болады деп ойлаймын, – деді әкесі. – Біз кезінде Ыбырайым, Мұса, Жохан қараған жұлдыздарды көреміз.

– Мен мәңгілік пен шексіздік туралы ойлағанда мүлде ештеңе түсіне алмай кетемін, – деп мойындады Жандос.

– Сен жалғыз емессің, – деп Маржанның әкесі оны басынан сипады. – Мәңгі, шексіз, құдіреті күшті Құдайдың қалай бізбен байланысқанын мен де түсінбеймін... Саған тағы бір нәрсе туралы айтып беремін, бірақ қазір емес. Естідіңдер ме? Анаң шайға шақырып жатыр.

– Жалбызды шай, құймақпен және балмен, – деп қосты Маржан.

– Сен бәрін әсірелемесең жүре алмайсың-ау, Маржан. Бірақ мұның қызық, – деді Жандос сықырлақ баспалдаққа беттеп бара жатып.




Суретін салған Рустам СЕРЖАНОВ

БӘЙГЕ ЖАЛҒАСУДА!


«Жұлдызды аспанға саяхат» алты бөлімнен тұратын кішкентай әңгіме. Әр бөлімнің соңғы жағында сен орындай алатын тапсырмалар болады. **2**

Тапсырманы орында. Соңғы бөлімдегі тапсырмаға жауабын жазған кезде, маған **БАРЛЫҚ** жауаптарды почта арқылы жібер. Дұрыс жауаптарды алғашқы болып жіберген **10** оқырман сыйлық алады.



ТАПСЫРМА 2


1. Қай планетаның сақинасы бар?
2. Жұмбақты шеш, жаз және Киелі кітаптағы аятты жаттап ал.



А @ з † М ⊕ Р ★ @ †
 Б ⊖ И ↓ Н ☾ С ○ Ж ⊗
 Г → Й + О ⊙ Т ⊕
 Ф ⊕ К • Қ ⊗ У ☾
 Л ⊙ Қ → В ← Ы ⊕
 Е ☆ Л ⊙ П ○ І †



Аспан мен Жер



Маймыл шимпанзелер бір-бірінің жүндерінен паразиттер мен жәндіктерді, тікенектер мен мошырақтарды тазалағаннан үлкен қуаныш аламының, сен білесің бе? Осы іспен олар кейде біраз уақыт өткізеді.



1. Құдай Ыбырайымға басқа жерге көшу керек деп айтқанға дейін ол қай өлкеде тұрды? (Елш. 7:2).
2. Қай қалада Яһудилер Пауыл мен Сыйласқа қарсы шықты, тіпті олар түнде қашулары керек болды? (Елш. 17:1-10).
3. «_____ ұнатқан білімді де - ұнатқан» (Нақ. 12:1).
4. Алғыс айтыңдар сөзінің синонимы (Жыр. 146:7).
5. Әр түрлі жамандықтың түп тамыры (1Тім. 6:10).
6. Екеуі бір уақытта өмір сүреді.
7. «Әділ жанның аузынан _____ шығады, Тілімен әрдайым әділдік айтады» (Жыр. 36:30).
8. «Тіл алу сөзінің синонимы.
9. Досыңның туылған күніне бару үшін, саған не керек?
10. Пікірлеріңде келісімнің болмауы.
11. Марходай Естерге патшаның алдына барып, өз халқы үшін _____ сұрауын өтінді. (Ест. 4:7-8).

ТАҢДАУ ЕРКІ

Болат ҚАҺАРМАН

Күн шыжып тұр. Тер тоқтамайды, ал жұмысты аяқтау керек. Тағы кішкене істесек, егістік жер бітеді. Сонда әке-шешеміз бүкіл картопты отап шыққанымызға қуанады. Бүгінгі күн ерекше: анам мен әкем бүгін бізді картоп түптеуге жібермейді. Мұны кешкі ас үстінде талқылағандарын естідік. Әкемнің үнемі қолы босамайды, анам да жұмыстан шаршап келеді. «Картопты шөп басып кетті, – деді анамыз. – Отап қою керек еді».

Біз ағам екеуіміз өз бөлмелерімізге кеттік, әрқайсымыз өз бетімізше кітап оқып отырмыз. Кенет ағам: «Бізді алқапта жұмыс істеуге мәжбүрлегенше күтпей-ақ қояйық. Ата-анамыз да қуанып қалады, біз де бір жақсылықты өз еркімізбен істерміз».

– «Жарайды», – деп құлықсыз келістім мен ағаммен.

Жұмыс аяқталып қалғанда (ап-азақ қалды, содан соң суға түсіп, балық аулауға болады), біреу мәжбүрлендіктен емес, өз еркіңмен істеген әлдеқайда жақсы екенін түсіндім. Әке-шешеміздің қалай қуанғандарын көрсең ғой!

Құдай біздің еркімізге құрметпен қарайды. Ол біз бәрін өз еркімізбен, құлшыныспен істегенімізді қалайды. Тіпті, ең ауыр, жайсыз істі де. Мысалы, кешірім сұрауды. Біреудің: «Сен кінәлісің. Барып, кешірім сұра!» – деп айтуын күтпеу керек. Егер біреу айтқандықтан кешірім сұрасақ, жүрегіміз шынайы қуанышқа толмайды. Ал егер өзіміз біліп істесек, жақсылық істеуге өзімізді-өзіміз итермелесек, жүрегіміз қуанышқа толып, жеңілдеп қаламыз.

Бұл біздің бүкіл өмірімізге қатысты. Барлық жағдайда да осылай істесек, бұл Құдайды қуантады. Әсіресе, рухани өмірімізде. Бұған не жатады?

Киелі кітап оқу, қауым жиналыстары мен жексенбілік мектепке бару, сиыну, әлсіз адамдарға, әсіресе, жалғыз қалғандарға және жетімдерге көмектесу.

Осының бәрін Құдай үшін істегендей, өз еркімізбен және шын жүрегімізден істесек, жүрегіміз қуаныш пен тыныштыққа толады. Бәрі жеңіл әрі жарқын болып көрінеді. Дос болу да сондай қиын болмайды. Істеуге тиісті нәрселерді ата-анамыздың мәжбүрлеуімен емес, өз еркімізбен істесек, оламен қарым-қатынасымыз да қарапайым, қуанышты әрі жылы болады.

Киелі кітапта: «Қандай жұмыс болса да, оны адам баласы үшін ғана емес, Иеміз үшін істеп жүргендей жан-тәндеріңмен атқарыңдар! Себебі осының ақысы ретінде сендер Иемізден Оның уәде еткен игіліктерін қабылдайтындарыңды білесіңдер» (Қол. 3:23–24), – деп жазылған. Барлық жағдайда осылай істеуге шешім қабылда, сонда сен ешқашан өкінбейсің.

ЖОНАТАННЫҢ ТАҢДАЛУЫ

Болат ҚАҺАРМАН

Қысқы сарайда орналасқан Санкт-Петербургтегі ең үлкен мұражай – Эрмитажда бір тамаша бөлім бар, онда әйгілі голланд суретшілерінің суреттері шығарылған. Рембрандтың суреттері Мұражайға келушілердің назарына ерекше ілігеді. Егер сен мұражайға барсаң және Рембрандтың суретін тамашалап тұрған саяхатшылар тобын көрсең, олар «Адасқан ұлдың оралуы» суретіне немесе Киелі кітап тақырыбына қатысты тағы бір туындыға қарап тұруы ықтимал. Онда «Дәуіт пен Жонатан» деп аталатын керемет сурет те бар. Кемеңгер суретші Жонатан (Израилдің алғашқы патшасы Саулдың ханзада ұлы) мен Дәуіттің (Ғолиатты жеңген адам және Израилдің батыры) достықтарының тарихындағы аса бір драмаға толы сәтті суреттеген.

Киелі кітапта осы екі жас жігіттің достығы туралы баяндалған. Саул патша Бетлехемнен шыққан жас жігітке қызғанышпен қарады, өйткені Құдай оған Ғолиатты жеңуге көмектесті. Ал оның ұлы Жонатан батырмен достасып алды. Олардың достықтары ажырамастай берік болды. Саул сол үшін ұлына ашуланды. «Сен неліктен Дәуітпен достасып алдың? – деп ол Жонатанға бірнеше мәрте ашуланды. – Ол бір күні сенен тағыңды тартып алады!» – «Дәуіт саған да, маған да ешқашан зұлымдық жасамайды! – деп жауап беретін Жонатан сеніммен. – Біз бір-бірімізге мәңгі дос боламыз деп уәде бердік!» – «Көр де тұр, балам, саған не Израилдің патшасы болуды, не Дәуітпен дос болуды таңдайтын кез келеді».


Бірде Саул Дәуітті түскі асқа шақырды. Алайда ол Дәуітке құрмет көрсетуді емес, оны өлтіруді ойлады,

Суретін салған Лариса ГОРОШКО

өйткені оны өзінің бақталасы деп санады. Дәуіт Жонатаннан өзі үшін әкесінен кешірім сұрауын өтініп, түскі асқа келмеді. Патшаның мұны естігенде не істейтініне қарап, Жонатан әкесінің Дәуітке не істемек болғанын білуі тиіс болатын. Достар Жонатан Дәуітке әкесінің ниеті туралы хабарлайды деп келіскен.

Дәуіттің орны екінші күні де бос екенін көрген патша Жонатаннан досының қайда екенін сұрады. Саул Жонатанға қатты ашуланып, Дәуіттің өлуі тиіс екенін айтты. Осылайша, Жонатан әкесінің жоспары туралы біліп қойды. Ол досына төнген қауіп туралы ескертіп: «Елден кет, әйтпесе әкем сені өлтіреді. Ол сенен қорқады!» – деп кеңес берді.

«Менің саған да, патшаға да адал екенімді өзің білесің, досым! – деп жауап берді Дәуіт. Бірақ Құдай бізге дос болуды жазбаған сияқты. Менің кетуім керек». Достар қоштасып тұрып еңіреп жылады, өйткені патшаның қызғанышының кесірінен бұдан былай кездесіп, Дәуіт шығарған жырлармен бірге Құдайды мадақтай алмайды, бірге аң аулап, філістірлермен шайқасқа шыға алмайды.



Бұл кешірім сәті Рембрандтың суретінде түсірілген. Ал бұл оқиғаны сен Патшалықтар 1-жазбаның 18-20 тарауларында оқи аласың.



Қалай ойлайсың?

1. Израилдегі ең алғашқы патша кім?
2. Патша неліктен Дәуітті өлтіруді ұйғарды?
3. Жонатан үшін не маңыздырақ болды: патшалық құрмет пе, әлде Құдайға сенетін Израилдің болашақ патшасы Дәуітпен достық па?



ҚҰСТАР ХАБАР ӘКЕЛДІ

Құстар хабар әкелді,
Көктем келді саялы.
Шулап жатыр айнала,
Аюда жайлап оянды.

Өзен, көл әлі ұйқыда,
Мұз жібімеді тырысып.
Күн шуағын төккенде,
Барады мұз да ығысып.

Жылтыр мұзға қызығып,
Үстіне шығып ойнама.
Түбіне тартып кетпесін,
Тұнғыығына жай ғана.

Жаныңа шуақ төгіліп,
Күнә қашсын жыраққа.
Нұр енсе нақты жояды,
Күмән болмасын бірақта.



Авторы белгісіз

ӨМІР

Бүкіл жер жаңаша ән салып,
Өмірім шаттыққа кенелді.
Қарамай мыңдаған бөгетке,
Жандүние қуанышқа бөленді.

Құдай-Әке, біз Оның баласы,
Рақыммен күнәдан құтқарды.
Жамандық қанша тор құрса да,
Бізге үйе алмайды бұлттарды.

Құдайдан бет бұра алмаймын,
Күш, қуат қайнары тек Сенде.
Балам деп атадың Сен мені,
Әке деп қабылдадым менде.

Суретін салған
Рустам СЕРЖАНОВ



Суретін салған Екатерина ПРАВДОХИНА

ТЕҢ ЕМЕС ЖҰП

Полат АЙТ

– Біздің салтымыз бойынша үйлену тойында қыздар қуаныштарын білдіру үшін тілдерін қозғап, құйқылжыта ән салады, – деді Элизабет.

– Міне, мен сияқты, – деп оның сөзін бөліп жіберді Лисо тілін жылдам қозғап.

– Мұндай дыбыс шығару үшін тіліңді бір жақтан екінші жаққа жылдам қозғалту керек!

Дәрігер күліп жіберді:

– Мен тек тілімді шығара аламын!

– Егер біраз жаттықсаң, сен де осылай ән салуды үйренесің, – деді африкалық қыздардың бірі.

Осы кезде олардың жандарынан көңілді ән салған адамдар өтіп бара жатты.

– Тойға кешігіп қалғым келмейді! – деп ескертті Лисо. Қыздар қол ұстасып (Юдит Лисоның бір қолынан, Элизабет екінші қолынан), қауымға кетті.

– Дәрігер, – деді Тембо, – бүгін үйленіп жатқан жас жұбайлар бірінші болып екпе жасатқандардың қатарынан. Олардың ойлары жиі бір жерден шықты.

Кешкісін дауылпаздардың мейрамдатқан дыбысы әлі де естіліп жатты. Балалар тағы да

баобабтың саясында бас қосты. Элизабет әлі де қуанышын баса алмай жүр:

– Бұл той керемет болды!

Юдит келісетінін білдіріп, басын изеді. Дәрігердің көмекшісі Дауди қыздарға бұрылды:

– Сендер де қашан тұрмыс құрамыз деп ойлаған боларсыңдар, солай ма?

Элизабет ұялғаннан бетін алақанымен жауып алды, ал Юдит көңілдене күліп жіберді:

– Дауди, біздің не ойлайтынымызды қайдан біліп аласың?

Дауди езу тартып күлді:

– Өмірлік серік таңдау туралы Киелі кітаптың не айтатыны жайында ойлағандарың дұрыс.

– Киелі кітапта бұған қатысты бірдеңе бар ма? – деп сұрады Юдит.

– Әрине, – деп жауап берді Дауди. – Бұл кітап арқылы Құдай бізге адамның өз өмірін қалай ұйымдастырғаны дұрыс болатыны жайында айтады.

– Сонда бізге не істеу керек? – деп сұрады Кали.

– Дауди әңгіме айтып берсінші, – деп сыбырлады Мгого. – Бір жағынан қызық, екінші жағынан жауабын біле аламыз.



Орындықта отырған Дауди сәл алға жылжып, әңгімені бастап кетті: Бөкен Дик-Дик су сиыры Бұхуға қарады: «Қарбыз піскен кезде джунглиде жүгіруден жарыс болады



дейді». – «Хм, иә. Сен қарбыз дедің бе? Мен қарбызды жақсы көремін», – деді Бұху. Оның аузынан сілекейі ағып кетті. Өзенде түсіп, шомылып жүргенде, ол тек қарбыз туралы



ғана ойлағандықтан, піл Нембоның барлық жануарларды жалпы жиналысқа шақырғанын естімей қалды. Піл Нембо жарыстың ережелерін

«Бұху су сиырының оқиғасы»
сериясынан



түсіндірді. Жеңген аңға берілетін сыйға бәрі мәз болды. Нембо сөзін аяқтап: «Жақсылап ойланыңдар да, екі рет күн шыққан соң қайтадан осында келіңдер. Егер



сұрақтарың бар болса, мені қайдан табатындарыңды білесіңдер», - деді. – «Мен не істеу керектігін білемін! – деп пысықырды мүйізтұмсық Фару. – Мен үлкен тасты ақ құмның үстімен



түзу сүйреп өтуім керек, сонда ізім түзу болады». – «Сәл басқаша, - деп қарсы шықты Нембо. – Тасты жалғыз емес, екеулеп сүйреу керек». Фару мұны жақтырмады: «Ал керек



Мүйізтұмсық Фарудың жуан даусы бәрін өзiне қаратты: «Жүрсеңші, Буху! Біз екеуіміздің төрт-төрттен аяқтарымыз бен екі-екіден көздеріміз бар. Екеуіміз де



қарбызды жақсы көреміз. Басқа тағы не керек?» Буху не істерін білмей тұр: «Мен одан да су сиырымен жұптасар едім. Білесің бе, су сиыры су сиырын жақсырақ түсінеді». –



«Мұның дұрыс емес! Сен екеуіміздің бойымыз бен дене пішініміз бірдей. Біз ұқсаспыз. Жүр, бастайық!» – «Жарайды, – деп сенімсіздікпен жауап берді Буху. – Бірақ, білесің



болса! Онда қарбызды екіге бөлуге тура келеді. Өкінішті ғой! Су сиыры Бухуды табу керек. Оның дене-бітімі менікімен бірдей. Ол да қарбызды жақсы көреді. Оны жарысқа шақырайын».



Маймыл Тото оның шаңдатып шаба жөнелгенін көрді. «Оған қарбыздың бір тілімі де тимейді, – деді ол Дик-Дикке қарап. – Сен екеуіміз бірге қатыссақ болады! Біз жарыста оңай жеңеміз». – «Ой, мен төрт аяқтап



жүгіргенде, саған екі аяқпен жүгіру қиын болмай ма?» – деп ойлана сұрады Дик-Дик. «Жоға! – деп сеніммен жауап берді маймыл. – Мен саған ыңғайлануға тырысамын. Қалай болғанда да, екеуіміз де



бе, мен одан да көлеңкеде отыра тұрар едім. Мен күнге тез күйіп кетемін. Бұл жаман. Бірақ сен мені түсінбейсің ғой». – «Жүрсеңші енді! – деп қоймады Фрау. – Біздің



қолымыздан келеді! Өзің көресің! Сен қарбыз жегің келмей ме?» – «Әрине, жегім келеді. Бірақ сен су сиыры болғаныңда, құмның тым ыстық екенін білер едің. Басқанда



ауыртады». Ол наразы түрмен жарыс басталатын жерге барды. Бірақ мынадай ыстықта суық тиіп қалатын болды деп күңкілдеуін қоймады. Кенет



қарбыз жегіміз келеді ғой, солай ма?» Дик-Дик келісіп, басын изеді. Ол «у» әрпіне ұқсап шырмалған өсімдікке таңдана қарады. Оның екі ұшында ілгектер бар, сол



ілгектерден бастарын өткізу керек, ал өсімдіктің үшінші ұшына ірі тас байланған. Тото құмда аунап жатыр. Ол өзінің күшін көрсету үшін тасты көтерді. Дик-Дик құмырсқаның



илеуіне секіріп мінді: «Тото, пілмен сөйлесуіміз керек деп ойламайсың ба? Ол данышпан әрі...» – «Айтқың келсе, айт!» – деп жауап берді Тото, оларды павиандар Гун мен Лунның



Буху үстіңгі ернін алдыңғы аяғымен көтермекші болып тоқтады. Фару оған таңдана қарады: «Жүрші, Буху. Ерніңді жайына қалдыршы». – «Мен қазір... түшкіретін сияқтымын... А-а-



а-чхуу! Ой, мұрнымнан су ағып, көзім жасқа толып кетті» – «Иә, – деді Фару жақтырмай. – Егер қазір аяқтарың жүгірмесе, мен саған көресіні көрсетемін». Ол алдымен



мүйізін, содан соң басын түгелімен ілгекке кіргізді. – Жүр!» Бухудың көңуіне тура келді. Ол да Фару сияқты ілгекті мойынан ілді: «Біз қайда бара жатырмыз? Қайда



бақылап тұрғанын білместен. Маймыл көкірегің алға шығарып, тасты басынан жоғары көтерді. Керік Твиға мен одан кішірек бір керік пілге барып, бір нәрсені



талқылады. Содан соң Нембо алыста өскен бітім ерекше бір ағашты көрсетті. Олар кетіп бара жатқанда, Твиға мынадай қорытынды жасады: «Бұл жарыста жеңудің бір ғана жолы



бар. Нембоның айтқандарының бәрі дұрыс». Сөйтіп Твиға алыстағы ағашқа қарады. Екі күн өткен соң джунгли жануарларының бәрі ұзын әрі құмды жағалауға жиналды.



жүретінімізді талқылап алып, содан соң жолға шыққан дұрыс емес пе?» «Ойлануды қойшы! Жүруіміз керек!» Фару маңайын шаңдатып, орнынан қозғала алмай тұр.



Баобабтың қасында тұрған Твиға басын шайқады: «Тең емес жұп. Олардың іздері түзу болмайды. Бойлары бірдей болса да, бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі жануар қалай



жеңіске жете алады?» – «Қалай, дайынсыңдар ма?» – деп ақырды зебра Покки. «Әрине, дайынбыз!» – деп жауап берді Фару. «Ең түзу із салған жұп жеңеді, – деп



ескертті Покки. – Түзел, дайындал, баста!»

Сегіз ауыр аяқ құмды басты. Алыстан нашар көретін Фару өзінің мүйізінен арғы жаққа қарады. Ол паровоз сияқты ысылдады. Су сиыры Буху



мүйізтұмсықтан қалмауға тырысты. Олардың артындағы тас бір жақтан екінші жаққа шайқалып, жыланның ізіне ұқсас із қалдырып келеді. «Тезірек!» – деп ақырды Фару. «Бірақ... – деді әрең тыныстаған



Буху. Ол алдарындағы биік пальма ағашын көрді. – Біз жолымызға қарауымыз керек қой». – «Азырақ сөйлеп, тезірек жүгір!» – деп бұйырды Фару. Оның басы төмен түскен, көздері жартылай ашық.



Бірақ Бухудың жолында пальма ағашы тұрғандықтан, ол оны айналып өтпек болып, Фаруды итеріп қалды. «Не істеп жатырсың?! – деп ашуланды Фару. – Бұлай



етсең, біз қалай жеңеміз?» «Сен алдымыздағыны көрмейсің бе?» – «Аузыңды жап! – деп оның сөзін бөліп жіберді Фару. – Түзу жүгір деймін саған!» Бах! Мүйізтұмсық



ағашқа соғылды. Ол аяғында әрең тұр. Ағаштан кокос жаңғақтары төгілді. Бір жаңғақ дәл тұмсығына келіп түсті. Бах! Екіншісі Бухудың екі көзінің арасына түсті. Фарудың



көздері ашудан қызарып кетті. «Не істеп жатырсың?!» Бірақ ол тасты сүйреп, шаба жөнелді. Ал тас кенет ілгектен шығып кетіп, Фарудың жотасына барып тиді. Мүйізтұмсық



ашуға булықты. Ол басын ілгек түсіп қалғанша шайқады. Ол Бухуды қабырғасынан соғып қалды да, джунглиге қарай шапты. Ендіккен Буху отырып, әрең тыныстады.



Ол көзін ашқанда, өздері салған іздің қисық екенін көрді. «Міне, қызық! Біз ұқсас сияқты болғанымызбен, мүлде екі түрлі екенбіз! Бұл туралы жарыстан бұрын ойламағанымыз өкінішті».

Дауди әңгімесін аяқтады. Ол соқпақтың бойымен мейірбикенің жүгіріп келе жатқанын байқады.
– Дауди, тездетіңіз, сіз бізге керексіз! – деді ол дәрігердің көмекшісіне.
– Бара жатырмын, – деп жауап берді де, ол мейірбикенің соңынан ілесті. Кетіп бара жатып балаларға: – Мені осында күтіңдер! Мен қайтып келген соң әңгімені аяғына дейін айтып беремін.
(Жалғасы бар)



Суретін салған Юлия ПРАВДОХИНА



ОЛАР ҚҰДАЙҒА КЕРЕК

Осылай Иса мен шәкірттері Иерусалимге таяп, Зәйтүн тауының беткейіндегі Бетфаге ауылына жақындап келді. Сонда Иса екі шәкіртің жұмсап, оларға мынадай тапсырма берді: – Қарсы алдарыңдағы ауылға барыңдар. Оған кірген бойда байлаулы тұрған бір ұрғашы есекті және қасында тұрған тайқарды көресіңдер. Соларды шешіп, алып келіңдер. (Мат 21:1-2).

Суретін салған Елена МИКУЛА



Исаның Иерусалимге кіруі

Иса Иерусалимге кіретін кезде, халықтың көбі қуанышпен жамылғыларын жолға жайса, өзгелері ағаштардан бұтақшалар кесіп алып, соларды төсеп отырды. Жапырақтардың ішіндегі сөздерді дұрыс тәртіппен қойып шық, сонда сен шәкірттердің Құдайды қалай дәріптегенін біле аласың. Жаратқан Иенің атынан Келе жатқан Патша жарылқанған! (Лұқ. 19:38).



Құрастырған
және суретін
салған Алма
НУРБАЕВА

Тауын көр!

Бұл жерде Киелі кітаптағы қандай тарих көрсетілген? Қанекей, сенде суретті қаламсаппен тоқтамай қағазға салып көрші.



Суретін салған Әмина НАЗАРБЕК

ТУЫЛУ МЕРЕКЕСІНЕ

Мария ДЕЛЬ

Көрініс

**Көрініске қатысушылар: үш әскер,
Мәриям, Салом.**

1-әскер: Осы діни қызметшілерге не керегін?
Біле алмадым қорқыныштың себебін.
Жұмадан бері күзетудеміз қабірді,
Шығар аузы үлкен таспен жабулы.

2-әскер: Ол жайында бас қатырып жатпағын,
Бұл бұйрықты есте мықтап сақтағын.
Біреу келіп тасты қозғап жүрмесін,
Жасырынып қабірге келіп кірмесін.

3-әскер: Ондай алып табыла ма? Күмән бар,
Тас қозғайтын күшіне де шүбәм бар.
Үйге барып демалса ғой шаршадым,
Басқа шаруа жетіп жатыр қанша мың.


3-әскер тастың қасына келіп жатады.

1-әскер: Тасты қозғау мүмкін емес сенбеймін,
Қандай алып болсын күші келмейді.
Екінші түн тірі пенде жоқ маңайда,
Бұл оқиға жұмбақ боп тұр алайда.

2-әскер: (3-әскерді оятып)
Не жатыс бұл. Кеңге салып арқаны,
Мойнымызда жауапты іс бар тағы.
Тасты күзет қалт жіберме бәрін де,
Жоламасын ешбір пенде қабірге.

3-әскер: Айғайлама сен! Шошытарсың өліні,
Білем әрине қатаң бұйрық берілді!

2-әскер: Иә, біздерге қатаң бұйрық берілген,
Осы істі тапсырды үлкен сеніммен.
Исаның шәкірттері жасырын кеп,
Мәйітің ұрлап кетуі мүмкін делінген.



1-әскер: Мен қатардағы көп әскердің бірімін,
Түсінбедім дін басшылардың ілімін.
Көп жақсы істер жасады бар білгенім,
Парызшылар неге өштесті білмедім.

Ұрламаңдар, өлтірмеңдер деп үйретті,
Бар адамзатты жаман істен жирентті.
Заңды бұзған жоқ, жасамады жаман іс,
Исаны не үшін айқыш ағашта түйретті?

Мәсіхтің азабы туралы ән.

2-әскер: Бас діни қызметкерлер, рубасылар,
Дін мұғалімдері куәлік етті бәрі де.
Ол, Өзін тірі Құдайға теңеп жүр деп,
Пилат алдында тұрып алды әрине.
Сол үшін өлім үкімін шығарып Оған,
Халықта шулап қосылыпты бәрі де.

3-әскер: Өлімнен қайта тірілем деген сөздері.
Тағы былай деп уәде берген кездері,
Үш күнде бұзып киелі үйді қайтадан,
Тұрғызам деп Ол нені бізге меңзеді.

2-әскер: Белгілі болды, қателескені білінді.
Осылайша Ол, Өз сөзіменен сүрінді.


**Кенеттен жер қатты сілкінді. Өйткені Жаратқан
Иенің бір періштесі аспаннан түсіп, қабірге
жақындап, қақпақ тасты домалатып алып
тастады да, үстіне отырды. Әскерлер жерге
құлап түсті.**

Мәриям: Көкірегім сыздап тұр ауыр қайғыдан,
Ойламаппын Исадан ерте айрылам.
Неге Сен бізді тастап кеттің тым ерте,
Құстай болдым қанатынан қайрылған.

Суламита: Айқышта Ұстаз жан тапсырды қиналып,
Жан сарайым құлазып тұр, қиралып.
Не күн туарын тек енді Құдай біледі,
Халқы айқышқа қарап тұрды жиналып.

Мәриям: Ұмыта алман шеге қаққан қолдарын,
Сол қолыңды жақсы істерге арнадың.
Жарлыларға тамақ бердің, жұбаттың,
Өліні тіріліп, көмектесуден талмадың.

Суретін салған
Елена МИХАЙЛОВА-РОДИНА



Салома: Есімде әлі Елазарды қалай қабірден,
Тұрғызғаны болғанда біздер әбігер.
Досымызды тіріліп алды қайтадан,
Қуә болған сол жерде бұған қалың ел.

Мәриям: Барайық Оған, не күтсе де алдыда,
Басқа маған таңдау жолы қалды ма?
Мейлі қандай қиындықтар кездессін,
Ол үшін мен беруге дайын жанды да.

Салома: Үлкен тасты қалай жылжыта аламыз?
Екеуіміздің қозғауға келмес шамамыз.

Мәриям: Тас қозғалған... Маңайыда тым-тырыс...
Әскерлер қайда? Болғаны анық ғажап іс.
Не болғанын мен жақын барып көрейін,
Түсініксіздеу болып тұр жағдай не дейін.

Салома: Ой, біреу отыр ол жерде ақ киімде!

Періште: Тіріні өлілердің арасынан іздемеңдер,
Ол тірі, төгілген жарық нұрын көріңдер,
Барыңдар енді халыққа айтып беріңдер.
Мәриям мен Салома (қауымға): Иса тірілді!

Аударған Айман ҚЫЗЫЛБӨРІКОВА



Бос ЖҰМЫРТҚА

Мәсіхтің қайта тірілуі мейрамына аз ғана уақыт қалғанда, рухани және өнегелілік тәрбиесі сабағының мұғалімі Айнаш Жұмашева апай бұрынғы заманда осы мерекенің тұсында не істелгені туралы бастауыш сыныптың оқушыларының естеріне салмақ болды. Балалар бұл туралы өткен жылы естіген, бірақ Айнаш апай олардың осы маңызды оқиғалар мен сабақтарды естеріне түсіргендерін қалады. Ол сабақты көрнекті ету үшін пластмасадан «қайта тірілу мейрамына арналған» жұмыртқалар жасап, әр жұмыртқаның ішіне сабаққа арналған материалдарды: бір тілім мата, айқыш ағаш, семсер, тас сияқты заттарды салып қойды.


Апай балаларға жұмыртқаларды таратқан соң, олардан Мәсіхтің өліп, қайта тірілуіне осы заттардың қандай қатысы бар екенін айтуды сұрады. Балалар бөлек-бөлек бөліктерден Киелі кітап әңгімесін құрастырып, сол туралы асқан қызығушылықпен айта бастады.

Жұмыртқалардың бірі бос болып шықты. «Мұнда ештеңе жоқ!» – деп бірауыздан дауыстады балалар. «Бұл нені есімізге түсіреді?» – деп сұрады Айнаш апай. Сонда балалар бос қабірді естеріне алды. Мәсіх тірілді!

Маяя ТОДОСОЙ,

СӨЗЖҰМБАҚ

Сөзжұмбақты шеш, тігінен белгіленіп тұрған торшаларда сен қаланың атауын оқи аласың.



1. Степанды өлтіруды қоштаған кім? (Елш. 7:59-60; 8:1).
2. Исамен бірге кім айқыш ағашта өлтірілді? (Мат. 27:38).
3. Петір мен Жохан ғибадатхананың ауласында кімді емдеді? (Елш. 3:1-8).
4. Исаның он екі шәкіртінің бірі, Иса оларға келген кезде араларында жоқ болған кім? (Жох. 20:24).
5. Исаның жасырын шәкірті (Жох. 3:1-2).
6. Иса Мәсіхті өлімге кескен әмірші (Лұқ. 23).
7. «Иеміздің атын атап Оған сиынған әркім _____» (Елш. 2:21).
8. Ғалғота деген сөздің мағынасы (Мат. 27:31).

Құрастырған Еркежан НҰРҒАЛИ

Суретін салған Алина МИНАЕВА



Знаешь ли ты,
что самка птицы-носорога после того, как отложит яйца, становится «пленницей» в собственном гнезде? Она заделывает отверстие глиной, которую самец ей приносит, оставляя только небольшую щель. Через эту щель самец снабжает самку и птенцов кормом. Так самка и птенцы защищены от хищников.



Сауытты жауынгер

Ғалия ЖЕКСЕНБАЕВА

Термиттер ұясының тастай қатты қабырғаларын сындырып, тесіп-тесіп тастаған қандай қорқынышты аң? Ағаштардың діңдерін тырнақтарымен тырнап, айналадағы топырақты жыртып тастаған кім? Жуан ағаш тамырларын жіңішке жіп құрлы көрмей үзіп тастаған кім? Бұл кім болды екен? Қорқып тұрғаным-ай!

Қорықпа! Бұл аса ірі сауытты аң (Priodontes maximus), ол «жұмысына» қараңғы батқанда ғана кіріседі, ал күндіз қорғанынан шықпайды. Ол қалай бәрін осылай қопарып тастай алады? Міне, былай: ол алдымен термиттердің ұясын теседі, содан соң сол тар тесікке тұмсығын тығады, аузынан ұзын әрі жабысқақ тілін шығарып, онымен термит ұясының әр бұрышын зерттеп шығады. Тіліне жабысқан жәндіктердің бәрі аузына түседі. Осылайша, түнгі аста топырақ та қопарылады, ағаштар да жәбір шегеді...

Аса ірі сауытты аң – тұқымдастарының ішіндегі ең ірісі. Оның денесінің ұзындығы жарты метрге, ал салмағы 60 килограмға жетеді. Елестеріп көрші, оның алдыңғы аяғының үшінші саусағындағы тырнағы 20 сантиметрден асады! Бұл жер бетіндегі ең ұзын тырнақ!

Аса ірі сауытты аң – сүйектері теріден тұратын

жер бетіндегі жалғыз жануар! Сауытты аңның сауыты жауынгердің сауытына ұқсайды, ол еркін қозғалады әрі көптеген буындықтарға бөлінген. Жарты метрге жететін құйрығын да сауыт қаптаған. Ұзынша тұмсығында артқа қарап өскен жүзге жуық тісі бар! Ол термиттермен, термиттердің жұмыртқасымен, кейде құмырсқалармен, өрмекшілермен, құрттармен және өлекселермен қоректенеді.

Аса ірі сауытты аңдар Аргентинаның солтүстігінде, Бразилияда және Гайанада тіршілік етеді. Ылғалды джунгли мен ашық алқаптарды ұнатады. Аса ірі сауытты аңның жаулары көп емес, тек пума мен ягуар ғана. Аса ірі сауытты аңның ең қауіпті жауы – адам. Адамдар оны көбіне еті үшін аулайды, өрістеріне шабуыл жасайтындықтан да өлтіреді.

Қауіп төнген жағдайда аса ірі сауытты аң жерге көміліп алады. Бірде бір сауытты аң қашып құтылмақ болып, тырнақтарымен асфальтті бірақ минутта тесіп, жер астына тығылып қалған!

Сауытты аңдар, міне, осындай. Десе де, сауытты болғанымен, аздап қорқақтау!



Жаратылыс ғажайыптары

ШАРАПАТ 2/2020

Рисовала Наталья ЖУРАКОВСКАЯ

Ерекше әдіс

Алмастың мектептегі ең сүйікті пәні – тарих. Ол балық аулағанды да ұнатады. Сол жағы атасына тартқан. Атасы көп оқитын және есте сақтау қабілеті жақсы болғандықтан, немересіне жиі қызықты әңгімелерді айтып беретін.

Бірде Алмас мен атасы тағы да балық аулауға бармақшы болды. Олар әдетте балық аулайтын көл бір жарым километрдей жерде еді. Алмас атасымен уақыт өткізетіні үшін қуанды, өйткені атасы қызықты оқиға айтып беретін шығар деп күткен еді.

– Мен бүгін түскі асқа жентектелген бұрыш дайындаймын, – деді Алмастың анасы. – Бірақ сендер кешігіп қалатын болсаңдар, тамақты өздерің жылытып жейсіңдер, өйткені мен түстен кейін ауруханада жатқан Жанар апайыңа барып қайтпақшымын.

Алмас қармақтар мен жемді алды. Атасы екеуі жолға шықты.

– Анаңның айтқаны бұрышқа байланысты бір қызықты оқиғаны есіме түсірді, – деді атасы. – Мен бірде ашты бұрышпен танысқан алғашқы еуропалық адам Колумб екендігі туралы оқығанмын. Ол 1493 жылы Гаитидегі жергілікті жемістерден жасалған ашты тұздықтан дәм татады. Сол туралы күнделігіне жазып қояды. Еуропалық шабуылдаушылар бұрыштың ашты дәмімен қалай танысқанын білесің бе?

Алмас басын шайқады.

– Бұл 1532 жылы Ориноко өзенінің жағасында болды. Үнді жерлерін жаулап алған конкистадорлар жиі жергілікті тайпалардан қарсылық көретін. Алайда оқ атқыш қарулардың арқасында жаулап алушылар жеңіске жететін. Ал бірде садақтармен және жебелермен қаруланған үндістердің арасынан табақ ұстаған бар бірнеше адам суырылып шығады. Олардың қолдарындағы табақтарға қыздырылған көмір салынған екен.

Еш қорқынышсыз конкистадорларға қарай жақындап, көмірге ұнтақ сеуіп келе жатыпты. Испандықтар тұрған жаққа қарай жел соққанда, бір түсініксіз жағдай орын алады. Жауынгерлердің көздерінен жас ағып, жөтеліп-түшкіргеннен қарсылық көрсете алмайтын жағдайға түседі. Сол сәтте үндістер тап береді. Олар испандықтарға не істеді дейсің ғой? Қыздырылған көмірге ашты бұрышты күйдірген. Сонда ащы, күйдіргіш зат бөлініп, жаулап алушылардың ауыздарының, тамақтарының және мұрындарының шырышты қабатын қоздырған.

– Міне, қызық! Оқиға деп осыны айт! – деп таңданды бала. – Мен мұндайды бұрын-соңды естимеймін!

– Иә, еркіндік пен тәуелсіздік үшін адамдар кейде не болса да істеуге дайын!

Суретін салған Рустам СЕРЖАНОВ



Қабықты бұрыш – картоп пен қызанақ сияқты алқа тұқымдас өсімдік. Әдетте көп жылдық өсімдіктер, бұталар мен жартылай бұталар.

ҚАБЫҚТЫ БҰРЫШ

Ашты чили бұрышы да, тәтті болгар бұрышы да көкөніс бұрышы тұқымдастарының қатарына жатады. Бұрыштың 500 сұрыпының жемістері ащылығымен, иісімен және дәмімен ғана емес, пішінімен де ерекшеленеді. Бұрыш ұзын әрі дөңгелек, груша тәріздес әрі конус тәріздес, түзу әрі майысқан болып келеді. Ірі, қалың, төрт қырлы жемісті болгар бұрышы (оны «паприка» деп те атайды) – ең көп тараған сұрып. Оны тамаққа шикі, маринадталған, пешке пісірілген, суға пісірілген, қуырылған күйде пайдаланады. Одан бұрыш пасталарын, тұздықтар, дәмдеуіштер, кетчуп дайындайды. Тамақты татымды ету үшін әдетте ащы қызыл бұрышты қолданады.

Қызықты деректер



Құстар ащы бұрышты еш қиындықсыз шоқып жей алады, өйткені ащы дәм беретін капсаицинді сезбейді. Ал құстардың ас қорыту жүйесінен өткен бұрыш дәндері жаңа жерде қайтадан өсе береді.



Бұрыштың тарихынан

Қызыл бұрыш Америкада өте ерте өсіріле бастаған көкөніс болып саналады. Қабықты бұрыштың отаны Мексика мен Гватемаланың субтропиктік аудандары болса керек. Сол жерлерде оны көне майялар мен ацтектер қолға үйреткен. Олардың тұз туралы білетіндері аз болғандықтан, ащы бұрыштың жемістерін тұздың орнына пайдаланған. Тәтті бұрыш көкөніс ретінде пайдаланылған.

Қызыл бұрышты Еуропаға дәрігер Христофор Колумб әкелген. Алдымен оны дәрілік өсімдік ретінде өсірген, бірақ көп ұзамай экзотикалық өсімдік тамақты татымды ету үшін қолданыла бастады. XVI ғасырдан бастап бұрыш бүкіл Еуропаға тарады. Ресейге XVI ғасырда келді, бірақ XIX ғасырда ғана кеңінен қолданысқа түсті.

Эльвира ҚАҺАРМАН

Ащы бұрышты жеміс деп санайтын және алма сияқты жей беретін Кариб аралдарының тұрғындары мен салыстырғанда, чилидің удай ащылығы біз үшін үйреншікті емес. Чилиді тым көп пайдалану еуропалықтардың ас қорыту жолдары үшін қауіпті болуы мүмкін, тіпті, іш құрылыстарын күйдіруі де ықтимал.



Бүкіл Перу мен Чили аймақтарында кеңірітілген бұрыш қабықтарын іліп көмілген көне мумиялар кездеседі. Мұнда таңқаларлық ештеңе жоқ, өйткені бұрыш бактерияға қарсы және антисептикалық тамаша қасиеттерге ие.

Темекі туралы бар шындық

Дария БАУЫРЖАН

Мен – темекімін. Мүмкін, сен мені өзіңе ешбір зиян келтіре алмайды (мүмкін, азғантай) деп ойлайтын шығарсың. Қателесесің! Мен аса зұлыммын әрі улымын! Ақ қағазда менің уым жасырылған. Мен адамды құлыма айналдыра аламын!

Темекі шегетіндердің бәрі менің қақпанымға түседі. Менің никотинім оны мықты құрсауынан шығармайды. Адам аз ғана уақыт темекі шеккеннің өзінде менің құлыма айналады. Темекіні тартқанда, никотиннің бірінші дозасы миға 10-20 секунд ішінде жетеді. Темекі түтініндегі улы заттар өкпеге де барады. Бара-бара өкпеде қара дақтар пайда болады.

Бір апельсин жеп, артынан бір темекі шеккен адам сол апельсинді жемей-ақ қойса да болады, өйткені темекі – дәрумендердің көзін құртушы. Зиянсыз темекі жоқ! Түтіні жалбызды темекілер тек сырттай ғана зиянсыз болып көрінеді, алайда шын мәнінде олар ұға толы. Темекі шегетін адам түтінді тартады және шығарады, ал улы заттар бара-бара тыныс жолдарында, өкпеде жиналып қалады, жүректің жұмысын нашарлатады, есте сақтау қабілетін нашарлатады, тері мен тістің түсін өзгертеді. Темекі түтіні өкпенің өзін-өзі тазалау үрдісін бұзады, ол сол түтінді жұтатындардың бәрі үшін зиянды. Темекі шегетін адамның жанында болу балалар мен жүкті әйелдер үшін аса қауіпті.


Темекі түтінінің екі түрі болады: негізгі және қосалқы. Негізгі түтін – темекі шегуші тартатын, содан соң шығаратын түтін. Қосалқы түтін тұтатылып тұрған темекінің ұшынан шығады. Қосалқы түтінде зиянды заттар әлдеқайда көбірек. Олардың мөлшері темекі шегіп тұрған адам жұтып жатқан түтіндегі зиянды заттардың мөлшерінен де көп. «Ащы темекі екен!» – деп ойлайды адамдар. Ал темекі түтіні олардың ағзасына кіріп, созылмалы бронхит, асқазанның шырышты қабатының қабынуы, асқазан жарасы, өкпенің, тілдің, ауыз қуысының обырын және басқа да көптеген ауруларды тудырады. Темекі түтіні адам өмірін қысқартады.

Темекі тартудан туындаған аурулардың себебінен әлемде жыл сайын бес миллионға жуық адам өледі. Темекі шегетін адам суға кетіп бара жатқан кеме сияқты, ол өзі суға кетіп бара жатып, жанындағы адамдарды да өзімен бірге әкетеді.

Мен, темекі, саған өзім туралы бар шындықты жайып салдым. Ал енді қорабыма оралайын. Онда: «Темекі шегу өлімге апарады» деп жазылған. Мені біреу оятқанша, сөйтіп, менің көрінбейтін, улы қақпанымға түскенше, жатып демала тұрайын...

Біреудің саусақтары мені алып жатқанын сезіп тұрмын. Қазір мені беру тартады. Ай! Мені қақ бөліп, қоқысқа тастап жатыр! Ай-ай-ай!

Суретін салған
Айда ПОВИЛАЙТИТЕ



1. Адам мен Хауа өлген соң қайда барды?

Адам мен Хауа күнәлі адамдар болды. Ал күнә көкте Құдаймен бірге бола алмайды. Мүмкін, олар күнәлары мен мойынсұнбаушылықтары үшін Құдайдан кешірім сұрап, Құдай оларды Өзіне қабылдаған шығар. Исаның келуіне дейін жер бетін мекендеген адамдар Құдайдың кешірімі мен ақтап алуына деген сенімдері арқылы құтқарыла алған. Ал Адам мен Хауаға Құдай олардың ұрпағынан шығатын Мәсіх, шайтанды жеңеді (әйелдің ұрпағы жыланды – шайтанды өкшесімен мыжиды) деп уәде еткен.

2. Таңертең және кешке сиыну керек дейді. Бұл рас па?

Ойланып көрейікші: егер сен ата-анаңды жақсы көрсең, олармен күніне екі-ақ рет сөйлесесің бе? Әлде көбірек әңгімелескің келе ме? Құдаймен қарым-қатынаста да дәл осылай. Исаға сенгенде Құдайдың балалары әрдайым Құдайға сиыну арқылы жүректерін ашуға ұмтылады. Өйткені сиыну – Көктегі Әкемен сөйлесу. Біз Оның көмегі мен кеңесіне, жетегі мен жұбатуына мұқтажбыз. Сондықтан Киелі кітап мынадай кеңес береді: «Құдайға үздіксіз сиыныңдар» (1Салоникалықтар 5:17); «Киелі Рух арқылы әрдайым Құдайға сиынып, мінажат ете беріңдер!» (Еф. 6:18). Бұл біздің жүрегіміз үнемі Құдаймен байланыста болуы керектігін білдіреді. Онымен жиі дауыстап немесе іштей сиынып, сөйлесе аламыз. Ал таңертең және кешке өз бөлmemізде, оңашада тізерлеп отырып, Құдайға сиынып, барлық қиындықтарымыз туралы айтып, Оның кеңесі мен батасын сұрай аламыз, сонымен қатар, күнәларымыз бен қателіктеріміз үшін кешірім өтініп, Оған ризашылық білдіріп, Оны мадақтап-даңқтай аламыз.

3. Неліктен Иса жер бетіне келгенде, біздің елімізді таңдамады?

Құдай адамдарды Құдай Ұлы – әлемнің Құтқарушысының келуіне дайындауы тиіс еді. Ол үшін адамдарға заң (Он өсиет) беру қажет болды, сонда олар Құдайдың әдептілікке қатысты қасиетті өлшемдерін көріп, өздерінің күнәкар екендіктерін түсіне алар еді. Адамдар өздерінің күнәкар екендіктерін және Құдайдың талаптарына сай емес екендіктерін, Құдайдың өсиеттерін орындай алмайтындарын және Құтқарушыға мұқтаж екендерін түсінуі керек еді. Сондықтан Киелі кітапта Құдай белгілеген уақыты жеткенде, дүниенің ақыр заманында Өз Ұлын жерге жіберді деп жазылған (Ғал. 4:4; Евр. 9:26).

Құдай Өзінің ашылуларын бір адамға – Өзіне сенген және Өзін бар жан-тәнімен іздеген Ыбырайымға көрсетті. Ол Өзін іздейтіндерге ашылады. Құдай Ыбырайымнан Өзінің аяндарын сақтайтын және Құтқарушы Мәсіхті күтетін халықты (Израил) таратты. Жердегі шежіресі бойынша Мәсіх – Ыбырайымның ұрпағы. Құдай Ыбырайымға оның ұрпақтары арқылы барлық халықтарды жарылқаймын деп уәде етті және сол уәдесін орындады. Сенушілердің бәрі адал Ыбырайыммен бірге оның Ұлы ұрпағы – Құтқарушы Мәсіхке сену арқылы жарылқанады

Жауап беруші Маржан КӨБЕЕОВА

Суретін салған Рустам СЕРЖАНОВ






Петер МАТИН

Патшалықтардың үшінші кітабы, 12-22-тараулар
(IX ғасырдың ортасы - Мәсіхтің туылуына дейінгі 722 ж.)

Арамалықтардың шабуылы

Сүлейменнің өлімінен кейін таққа талас басталды. Ақырында патшалық Солтүстік (Израил) және Оңтүстік (Яһудея) болып екіге бөлінді. Екі патшалық та мықты болған жоқ. Израилдің солтүстігінде Арама патшалығы орналасқан болатын, оның әскерінен маңайдағы халықтардың бәрі қорқатын, ол әлемді билеуге ұмтылған.

Арамалықтар Исраилге шабуыл жасап, басып алды. Яһудеяны жаулап алмағанымен, Лахыш сияқты бірнеше қала жау қолына түсті.



Суретін салған Петер КЕНТ

Арамалықтардың әскерінің арасында сақпаннан тас ататын жауынгерлер болған. Оларды көріп тұрсың ба?



Қақпалар мен қабырғаларды 2 соғыс арбаларын тап.



Бекіністерді қорғаушылар шабуылдаушыларға алау лақтырған. 4 алауды тап.



Садақтан оқ атушылар сабаннан жасалған қалқандармен қорғанған. 6 қалқанды тап.



Жеңілген қарсыластарды кейде өлімге кесетін. Өзін өлтірмеуді сұрап жатқан адамды тап.



Тұтқынға алынғандар мен олжаны арбамен тиеп алып кететін. 2 арбаны тап.



Тақта отырған патшаны көріп тұрсың ба?



Қолма-қол шайқаста семсер қолданылған. Семсермен шайқасып жатқан екі ер адамды тап.



Тіпті, әскери лагерде де құлдар патшаны желпүішпен желдетіп отырған. Желпүіші бар екі құлды көріп тұрсың ба?



Баспалдақпен қабырғаға шығатын жауынгерлер бастарын өлімге тіккен. 5 баспалдақты тап.



Әйелдер мен балалар тұтқынға түсіп қалды. Қолында нәрестесі бар әйелді көріп тұрсың ба?



Арама патшасы Иерусалим патшасынан алтын мен күміс талап еткен. Алым-салықты таситын түйелерді тап.



Әскери арбалар көбіне шайқастарда, кейде қоршауға алғанда қолданылған. Жөндеп жатқан арбаны тап.




Әскерді қамтамасыз етуге көп мөлшерде азық-түлік қажет. Жауынгерлер үшін інжір жинап жүрген үш баланы тап.



Соғыстар жаңғаларды бұзады. Өздерінің ата-аналарын іздеп жүрген, екі баланы көріп тұрсың ба?



Бекініс қабырғаларын қорғайтын жауынгерлер шабуылдаушылардың қысымын найзаның көмегімен қайтаратын. Баспалдақтан құлап бара жатқан екі арамалық жауынгерді тап.



Соғыс кезінде ауыл шаруашылық жұмыстарына уақыт жоқ. Жем іздеп жүрген екі қой мен ешкіні тап.






Алёна (10 жас) и Вероника (7 жас)




Таня КОНДРЯ



Дарья ИСУПОВА

Владисла МАТЕЙШЕН



28-29 б. арналған жауап:
8. Арамалықтардың шабуылы



Тас ататын жауынгерлер 1
Соғыс арбалары 2, 3
Алаулар 4, 5, 6, 7
Сабаннан жасалған қалқандар 8, 9, 10, 11, 12, 13
Мейірім көрсетуін сұрап отырған қарсылас 14
Арбалар 15, 16

Арамалық патша 17
Семсермен шайқасып жатқан адамдар 18
Желпүші бар екі құл 19, 20
Баспалдақтар 21, 22, 23, 24, 25
Қойлар 26, 27
Ешкі 28

Баспалдақтан құлап бара жатқан арамалық жауынгер 29, 30
Ата-аналарын іздеп жүрген балалар 31, 32
Инжір жинап жүрген балалар 33, 34, 35
Жөндеп жатқан арба 36
Алым-салықты таситын түйелер 37
Қолында нәрестесі бар әйел 38

МЕН ЖАРАТЫЛДЫМ

Дәуіт Қарімбаев

Мәсіх үшін жаратылдым мен,
Күнә үшін жаралмағанмын.
Барды Мәсікке беруім керек,
Жанбауым үшін отта тозақтың.

Ойланамын жер бетінде мен,
Не үшін өмір сүруім керек?
Исаның сөзін еске аламын,
Ізгі хабары пендеге қорек.

Жаратушым мадақ, даңқ
Саған
Жер бетінде бекер жүргем жоқ.
Әр күн, сағатым Өзіңмен болам,
Адал жүрепкен мадақтай алам.

Ізгі хабарды таратып жүрмін,
Жолымда бөгет кездесе дағы.
Жігер бересің қиын шақтарда,
Бойымды күшке толтырып тағы.

Бүкіл әлемді жаратқан Құдай,
Теңіз, шөл дала, аралды бәрін.
Мадақтаймын шын жүректен,
Саған арналар мәңгі өмір әнім.



София ОБВИНЦЕВА

Жауаптар

2-бет: БАСҚАТЫРҒЫШ: Түнек, ауыр, н, дос, ақылды, уақ, ескі, реңді, көңілді, ілтипатты.
Таңдау өркі – Мәжбүрлеу
3-бет: 1. Нұх. 2. Даниял. 3. Шомылдырушы Жақия.
8-бет: СӨЗЖҰМБАҚ. Көлденеңінен: 1. Месопотамия. 4. Шүкірлік. 5. Ақшақұмарлық. 7. Даналық. 10. Келіспеушілік.
Тігінен: 2. Салониқа. 3. Тәрбиені. 6. Құрдастар. 8. Тыңдау. 9. Шақыру. 11. Мейірім.
18-бет: ИСАНЫҢ ИЕРУСАЛИМГЕ КІРУІ: «Жаратқан Иенің атынан Келе жатқан Патша жарылқанған!» (Луқ. 19:38).
ТАУЫП КӨР: Ыбырайым мен Ысқақ Құдайға құрбандық алып келу үшін, тауға өрлеп бара жатыр.
22-бет: СӨЗЖҰМБАҚ. Көлденеңінен: 1. Саул. 2. Қарақшы. 3. Сал. 4. Тома. 5. Нікөдім. 6. Пилат. 7. Құтқарылады. 8. Маңдайтөбе. Тігінен: Салониқа.



«ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»

ШАРАПАТ 2 /2020
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

Журнал 2005 - жылдың шілде айынан бастап шығады.

Наурыз, 2 (86) 2020

Меншік иесі
«Литера-М».
Бас редакторы: Дилманов М.Б.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 10. 10. 2009 жылы тіркеліп, есепке қою туралы №10445-ж куәлігі берілген.

Таралымы 1 500 дана
Жылына 6 рет шығады

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты қажет.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050046 Алматы қаласы
а/ж 5, «ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»,
«Інжілдік Мәсіхші Баптистер»
Жергілікті Діни Бірлестігі,
Нұрғиса Тілендиев к-сі, 365-ші үй.
e-mail: liokaz.mail@gmail.com
support@liokaz.org

сайт: www.liokaz.org
Тел.: +7 (727) 394 17 05

Есеп шот нөмірі:
Есеп айырысу шоты
KZ256010131000011815,
BSN 920240001521,
"ХАЛЫҚ БАНК" АҚ

"Қазақстан ГАЗ Орталығы" АҚ
баспаханасында басылды.
Жароков көшесі, 210 а

АМАҚАЙ! БІЗДЕ БАЙҚАУ

СЫЙЛЫҚ АЛҒЫҢ КЕЛЕДІ МЕ?

Онда сен "Шарапатпен" дос бола аласың!

Сурет салғанды жақсы көресің бе?

Өзіңнің салған суретіңді "Шарапатқа" жібер.

Және суреттеріңмен бірге осы беттегі сұрақтарға жауап жаз да, оны қиып алып, хатқа салып жібер!

**Жақсы салынған суреттерді біз "Шарапаттың" соңғы бетіне шығарамыз!
Жақсы салатын суретшілерге біз сыйлық жібереміз!**



БІЗДЕН СЫЙЛЫҚ!



Біздің мекен-жайымыз:

Алматы қаласы

Тілендиев көшесі, 365 үй.

Аты-жөнің:

Қай қаладансың?

Шарапатты оқисың ба?

Шарапат туралы сенің
пікірің:

email: liokaz.mail@gmail.com